

Педагогикалық кеңес

ХАТТАМА № 5

« 15 » маусым 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 25

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша қорытынды бақылау нәтижелері.

2. Білім саласындағы олқылықтар туралы істелінген жұмыстар.

3.Білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру.

4. 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы.

5. 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы.

6. Келесі оқу жылына педагогтардың жүктемесін болу туралы

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Акситова тыңдалды:

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша қорытынды бақылау нәтижелері.

Педагогикалық ұжым оқу-тәрбие процесін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға, Білім министрлігінің нұсқауларына, бұйрықтары мен бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырады және әдістемелік-нұсқау хаттар, типтік оқу жоспары мен жұмыс оқу жоспарына, мектептің жылны жылдық жоспарына сай жүзеге асырады. Оқу жылының басында жалпы мектепшілік жоспар, әдістемелік бірлестіктердің және Әдістемелік кеңестің жылдық жоспары және мектепшілік бақылау жоспары, сабақ кестесі құрылды. 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезені орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген каникул кезеңдері толық сақталды. Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстары онлайн сабақтар, семинарлар, әдістемелік құралдар, шеберлік сыныптары арқылы жүзеге асырылды. 2021-2022 оқу жылы басында 25 педагог қызметкер жұмыс атқарып келді, жыл соңында 26 педагогпен аяқтадық. 2020-2021 оқу жылымен салыстырсақ, ескі формат бойынша біліктілік санаттағы мұғалімдер азайып, жаңа формат біліктілік санатындағы мұғалімдер саны артты. Білім алушыларды жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті отуіп ұйымдастыру; білім алуға деген құштарлықтарын арттыру, оқу мазмұнына тұрақты қызығушылық тудыру; оқытудың жаңа жағдайларына дайындықтарын анықтау. Бастауыш және негізгі орта білім беру сатылары арасында оқытудағы сабақтастықты талдау және тәжірибе мен теория жүзінде сабақтастықтың тиімділігін қалыптастыру мақсатында барлық іс-шаралар жүйелі жоспарлы түрде, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді. Әр әдістемелік бірлестіктердің жұмыстары, апталықтары өтті. «Математика пәнін оқытудағы сабақтастық», қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні бірлестігімен «Мәтіннің құрылымы» тақырыптарында дөңгелек үстел, шебер сынып оздырылып, екі буын арасындағы педагогтар іс-тәжірибелерімен бөлісті. Білім сапасын арттыру мақсатында білім алушылармен мұғалім (пән мұғалімдері) және ата-аналармен белсенді оқыту тәсілдерін анықтауда әңгіме жүргізілді. (қосымша ақпарат салынды). **Екінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары тыңдалды С.Абдрахманова тыңдалды:** Білім саласындағы олқылықтар туралы істелінген жұмыстар туралы ақпарат берілді. 2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хаттың негізінде оқу жылының басында біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және жою бойынша жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Жұмыс жоспарының негізінде оқушылардың өткен оқу жылындағы алған білімдерін тексеру мақсатында 2-11 сыныптардың оқу пәндерінен әкімшілік диагностикалық бақылау жұмыстары алынды. Алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша әр сыныптан білімінде олқылығы бар оқушылар анықталды. Әр пән мұғалімі оқушылардың өткен оқу жылындағы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша мақсатты

сабақтар кестесі жасалып бекітілді, кестеге сәйкес білімінде олқылығы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Бейсекеева тыңдалды: 1-4,5-8,10 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшірілсін.(тізімі қоса берілді)

Төртінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды.

9 сынып оқушыларының қорытынды аттесттау нәтижелері туралы айтылды, Барлық оқушылар қорытынды аттестаттаудан өтті. (хаттама,қорытынды аттестация есебі салынды)

Бесінші сұрақ бойынша С.Абдрахманова тыңдалды: 11 а сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы айтылды. (хаттама,қорытынды аттестация нәтижелерінің есебі салынды)

Алтыншы сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова тыңдалды: Келесі оқу жылына педагогтардың оқу жүктемесі туралы таныстырылды.

Шешім:

1.2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша жұмысты қанағаттанарлық деп саналсын;

2.Білім саласындағы олқылықтар туралы істелінген жұмыстар қанағаттанарлық деп саналсын. Жаңа оқу жылында білім алушылардың білімдерін жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы білімнің сапасын арттырылсын;

3.1-4,5-8,10 сынып оқушылары келесі сыныпқа көшірілсін;

4.9 сынып оқушыларына негізгі білім туралы аттестат берілсін; 2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестаттау емтихандарының есебі қабылдансын.

5.11 сынып оқушыларына жалпы орта білім туралы аттестат берілсін; аттестат. талапқа сай жүргізілсін;

6.Педагогтардың жүктемесін бөлу, жұмыс жасау арқылы мамам даярлау сапасын арттырылсын;

Педкеңестің төрайымы

Хатшы

А.Аксентова

Н.Молдагайсина

